

"Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 110 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 03 желтоқсандағы № 280 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 31 желтоқсанда № 9058 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 189 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 29.06.2016 № 189 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 43-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттау ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 12 сәуірдегі № 110 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 4633 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында жарияланған, 2007 жыл, наурыз-сәуір) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына және «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-банына сәйкес, мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби, біліктілік дайындығын және іскерлік қасиеттерін айқындау мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н : » ;**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестаттауды жүргізу қағидасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің Мәдениет к о м и т е т і :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде бекітілген заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркелуін;

2) белгіленген тәртіппен ақпарат құралдарында ресми жарияланғаннан кейін,

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Заң қызметі департаментіне жарияланғаны туралы ақпараттың ұсынылуын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

М. Құл-Мұхаммед

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Мәдениет және ақпарат министрінің

2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 280

бұйрығына қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Мәдениет және ақпарат министрінің

2007 жылғы 12 сәуірдегі № 110

бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлерін аттестациялауды жүргізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлерін аттестациялауды жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 233-бабына және 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 7-бабына сәйкес әзірленді және мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлерін (бұдан әрі – мәдениеттің қызметкерлері) аттестаттауды жүргізу т ә р т і б і н б е л г і л е й д і .

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

Мәдениет ұйымдары қызметкерлерін аттестациялау – мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Қызметкерлердің өкілдері – кәсіптік одақтардың, олардың бірлестіктерінің органдары және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен қызметкерлер уәкілеттік берген (сайлаған) өзге де жеке және (немесе) заңды тұлғалар.

3. Қызметкерлердің өздеріне жүктелген лауазымдық міндеттерін орындау қабілеттілігі аттестациялау, сонымен қатар, санаттарын (разрядтарын) көтеру

мақсатында, өткізілетін аттестациялау барысында негізгі бағалау белгісі болып табылады.

4. Жүкті әйелдерді қоспағанда, мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің барлығы аттестациялаудан өтуге жатады.

Қызметкерлер азаматтық қызметте болған уақыттың әрбір кезекті үш жылы өткен сайын, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін аттестациялаудан өтеді.

Балалар күтімі бойынша демалыста жүрген қызметкерлер жұмысқа шыққаннан кейін алты айдан соң аттестациялаудан өтеді.

Қызметкерлер өтініштері бойынша өздерінің атқарып отырған лауазымдарында санаттарын (разрядтарын) көтеру мақсатында, белгіленген мерзімнен бұрын аттестациялаудан өте алады. Мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың жекелеген лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 125–бабымен және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 27 қыркүйектегі № 378-ө-м «Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызмет салаларының барлығына ортақ мамандардың жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығымен реттеледі (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 15 қазанда № 8011 тіркелді).

5. Аттестациялауды өткізу келесі кезеңдерді қамтиды:

- 1) аттестациялауды өткізуге дайындық;
- 2) аттестациялауды өткізу (әңгімелесу, тыңдау, байқау);
- 3) аттестациялау комиссиясының шешім шығаруы.

2. Аттестациялау өткізуге дайындық

6. Мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшыларының тапсырмасы бойынша кадр қызметі қызметкерлерді аттестациялаудан өткізуді ұйымдастырады, оған келесі іс-шаралар кіреді:

- 1) аттестациялауды өткізудің кестесін дайындау;
- 2) аттестациялау комиссиясының құрамын айқындау;
- 3) аттестациялауды өткізу тәртібі мен мақсаттары бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

7. Кадр қызметі осы Қағиданың 4-тармағына сәйкес, аттестациялануға тиісті қызметкерлерді алты ай ішінде бір рет айнықтайды.

8. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының басшылары кадр қызметінің ұсынуымен аттестацияланатын қызметкерлер тізімін, аттестациялау өткізу кестесін және аттестациялау комиссиясының құрамы бекітілген бұйрық

ш ы ғ а р а д ы .

9. Кадр қызметі аттестациялау өткізу мерзімі туралы, оны өткізудің басталуына кемінде бір ай қалғанда қызметкерлерге жазбаша хабарлайды.

10. Аттестациялануға тиіс қызметкерлердің тікелей басшылары қызметтік мінездемені рәсімдеп, оны кадр қызметіне жолдайды.

11. Қызметтік мінездемеде аттестацияланушының кәсіби, жеке қасиеттері мен қызметтік жұмысы нәтижелері дәлелді, объективті бағалануы көрсетіледі.

12. Кадр қызметі аттестациялау комиссиясының отырысына кемінде үш аптадан кеш емес мерзімде қызметкерді тапсырылған қызметтік мінездемемен т а н ы с т ы р а д ы .

13. Қызметкер өзіне берілген қызметтік мінездемемен келіспеген жағдайда, өзін сипаттайтын ақпаратты қоса ұсына отырып, жазбаша түрде кадр қызметіне ұ с ы н а д ы .

14. Кадр қызметі әр аттестацияланушы қызметкерге қатысты келесі құ ж а т т а р д ы ж о л д а й д ы :

- 1) қызметтік мінездемесі;
- 2) кадр есебі туралы жеке іс-парағы;
- 3) өмірбаяны;
- 4) білімі туралы дипломның көшірмесі;
- 5) соңғы үш жыл ішінде біліктілігін көтеру курстарын өткені туралы құжаттардың көшірмесі (болған кезде);
- 6) ғылыми дәреже, атақтары құжаттарының көшірмесі (болған кезде);
- 7) қызметкердің еңбек қызметін дәлелдейтін еңбек кітапшасы немесе басқа да құ ж а т т а р ы н ы ң к ө ш і р м е с і .

15. Кадр қызметі осы Қағиданың қосымшасында берілген нысанға сәйкес, қызметкерге аттестациялау парағын (бұдан әрі – аттестаттау парағы) рәсімдейді.

16. Кадр бөлімі жинақталған аттестациялау материалдарын аттестациялау к о м и с с и я с ы н а ж о л д а й д ы .

17. Аттестациялау комиссиясы мүшелерден және хатшыдан тұрады. Мемлекеттік мәдениет ұйымдарының басшыларымен аттестациялау комиссиясы мүшелерінің ішінен аттестациялау комиссиясының төрағасы тағайындалады. Комиссия мүшелерінің саны бес адамнан кем емес тақ санды құрайды.

18. Аттестациялау комиссиясының төрағасы оның отырыстарында төрағалық етеді, жалпы жұмысына басшылық жасайды және қабылдайтын шешімдеріне б а қ ы л а у ж а с а й д ы .

19. Аттестациялау комиссиясының құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары, кадр және заң қызметтерінің және қызметкерлердің өкілдері е н г і з і л е д і .

20. Аттестациялау комиссиясының отырысына қатыспаған мүшелерін

алмастыруға жол берілмейді.

21. Комиссияның хатшысы кадр қызметінің қызметкері болып табылады. Хатшы аттестациялау комиссиясының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, комиссия отырысының қорытындылары бойынша хаттаманы рәсімдейді, техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

22. Аттестациялау комиссиясының мүшелері аттестациядан жалпы негіздерде ө т е д і .

23. Аттестациялау комиссиясының отырысына оның құрамының кешінде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда, отырыс заңды деп есептеледі.

24. Дауыс берудің нәтижелері комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда, аттестациялау комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

25. Аттестациялау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Аттестациядан өтетін, бірақ аттестациялау комиссиясының құрамына кіретін қызметкер өзіне қатысты дауыс беруге қатыса алмайды.

26. Аттестациялау комиссиясы мүшесінің ерекше пікірі жазбаша түрде баяндалады және хаттамаға тіркеледі.

3. Аттестациялауды өткізу тәртібі

27. Аттестациялық комиссия аттестациялауды аттестацияланатын қызметкердің қатысуымен өткізеді.

Аттестацияланатын қызметкердің дәлелді себептермен аттестациялық комиссияның отырысына қатыса алмаған жағдайда, хаттамада сәйкесінше жазба жасалып, бекітілген кестеге сәйкес аттестациялаудан өтудің жаңа мерзімі тағайындалады.

28. Аттестациялау комиссиясы отырыс барысында ұсынылған құжаттарды зерттейді, аттестацияланатын қызметкерді тыңдайды.

Аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесі аттестатталушы қызметкерге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес бағалау парағын толтырады.

29. Ұсынылған құжаттарды зерртеу және аттестацияланатын қызметкерді тыңдау қорытындысы бойынша аттестациялық комиссия келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

- 1) міндетті аттестациялау барысында: атқарып отырған лауазымына сәйкес; атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейді, қайта аттестациялауға жатады.

Комиссия оң шешім шығару кезінде қызметшінің соған сәйкес біліктілік санатын (дәрежесін - (болған кезде) бекітеді (растайды).

2) мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің біліктілік санаттарын (разрядтарын - (болған кезде) тағайындау немесе көтеру мақсатында өткізілетін мерзімінен бұрын аттестациялау барысында:

біліктілік санаттарының (разрядтарының) талаптарына сәйкес;
біліктілік санаттарының (разрядтарының) талаптарына сәйкес емес.

30. Қайта аттестациялау міндетті (алғашқы) аттестациялаудан теріс нәтиже алған күннен бастап үш ай мерзім өткеннен кейін, осы Қағидада анықталған тәртіпте өтеді. Қайта аттестациялау нәтижелері бойынша аттестациялау комиссиясы келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) атқарып отырған лауазымына сәйкес;
- 2) атқарып отырған лауазымына сәйкес емес.

Атқаратын қызметіне лайық болған жағдайда Комиссия қызметшінің тиісті біліктілік санатын (дәрежесін - (болған кезде) белгілейді (растайды).

31. Аттестациялау комиссиясы қызметкерді атқарып отырған лауазымына сәйкес емес деп таныған жағдайда, оған қатысты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 54-бабында көзделген жағдайлар қолданылады.

32. Аттестациялау комиссиясының шешімі аттестациялау комиссиясы төрағасының, аттестациялау комиссиясының отырысына қатысқан аттестациялау комиссиясының мүшелерінің және аттестациялау комиссиясының хатшысының қолдары қойылған хаттамамен рәсімделеді.

Белгіленген тәртіппен рәсімделген аттестациялау комиссиясының хаттамасы мемлекеттік мәдениет ұйымының кадр қызметіне тапсырылады.

33. Аттестациялау комиссиясының шешімі мемлекеттік мәдениет ұйымының басшысымен бір айлық мерзімде бекітіледі.

34. Кадр қызметі аттестациялау комиссиясының шешімі бекітілгеннен кейін қызметкерді 10 жұмыс күні ішінде аттестациялау комиссиясының шешімімен жазбаша түрде таныстырады.

35. Аттестациялау комиссиясының бекітілген шешімі қызметкердің аттестациялау парағына енгізіледі.

36. Аттестациялаудан өткен қызметкердің аттестациялау парағы, қызметтік мінездеме қызметкердің жеке ісінде сақталады.

Мемлекеттік мәдениет ұйымдары
қызметкерлерін аттестациялаудан
өткізу қағидасына 1-қосымша
Нысан

**Аттестациялауға жататын мәдениет қызметкерінің
аттестациялау парағы**

Аттестация түрі: міндетті _____ қайта _____ мерзімінен бұрын _____
(керегін Х белгісімен белгілеңіз).

1. Аты-жөні, тегі _____
2. Туылған күні «__» _____ жылы.
3. Білімі бойынша, біліктілігін арттыру мен қайта даярлануы бойынша мәліметтер (қашан және қай оқу орнын бітіргені, білімі бойынша мамандығы, біліктілігін арттыру бойынша құжаттары, ғылыми дәрежесі мен атағы) _____

4. Лауазымы _____ мен _____ тағайындалған күні: _____

5. Жалпы еңбек өтілі: _____

6. Аттестациялау комиссиясы мүшелерінің ескертулері мен толықтырулары: _____

7. Аттестацияланатын қызметкердің пікірі: _____

8. Қызметтік мінездемеге сәйкес, аттестацияланатын қызметкердің тікелей басшысымен қызметін бағалауы: _____

9. Аттестациялау комиссиясының отырысына _____ мүшесі қатысты.

10. Аттестацияланатын мемлекеттік мәдениет ұйымы қызметкеріне дауыс беру қорытындысы бойынша аттестациялау комиссиясының әр мүшесімен толтырылатын қоса беріліп отырған бағалау парағы бойынша қызметін бағалау:

1) атқарып отырған лауазымына сәйкес (дауыс саны) _____;

2) қайта аттестациялауға жатады (дауыс саны) _____;

3) атқарып отырған лауазымына сәйкес емес (дауыс саны) _____;

Қорытынды баға: _____

11. Аттестациялау комиссиясының ұсынымдары (қай себептермен берілгенін көрсете отырып): _____

12. Ескертпе: _____

Аттестациялау комиссиясының төрағасы: _____

(қ о л ы)

Аттестациялау комиссиясының хатшысы: _____
(қ о л ы)

Аттестациялау комиссиясының мүшелері: _____
(қ о л ы)

(қ о л ы)

(қ о л ы)

(қ о л ы)

Аттестациялауды өткізу күні 20 ____ жылғы «__» _____

Мемлекеттік мәдениет ұйымы басшысының аттестациялау қорытындысы бойынша шешімі: _____

Аттестациялау парағымен таныстырылды: _____

(азаматтық қызметшінің қолы мен қол қойған күні).

М.О.

* - қайта аттестациялау кезінде қойылмайды;

** - тек қана қайта аттестациялау кезінде ғана қойылады;

***-тек қана мерзімінен бұрын аттестациялау кезінде ғана қойылады.

М е м л е к е т т і к м ә д е н и е т

ұйымдарындағы аттестацияланатын
қызметкерлердің аттестациялау
парағына 2-қосымша
Нысан

**Мемлекеттік мәдениет ұйымдарындағы аттестацияланатын
қызметкерлерді бағалау парағы
(аттестациялау комиссиясы мүшесімен толтырылады)**

Аттестация түрі: кезекті ____ қайта ____ мерзімінен бұрын ____
(керегін X белгісімен белгілеңіз).

Аты-жөні, тегі _____

Лауазымы: _____

Аттестацияланатын қызметкердің бағасы _____

(өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз)

Аттестациялау комиссиясы мүшесінің шешімі (атқарып отырған лауазымына сәйкес, қайта аттестациялауға жатады *,атқарып отырған лауазымына сәйкес емес **): _____

Аттестациялау комиссиясы мүшесінің шешімінің негіздемесі: _____

Аттестациялау комиссиясының мүшесі: _____
(а т ы - ж ө н і , қ о л ы)

Аттестациялау комиссиясының хатшысы: _____
(а т ы - ж ө н і , қ о л ы)

20__ жылғы «__» _____

* - қайта аттестациялау кезінде қойылмайды;

** - тек қана қайта аттестациялау кезінде ғана қойылады;

***-тек қана мерзімінен бұрын аттестациялау кезінде ғана қойылады.